

БЕКІТІЛДІ
«14» қыркүйек 2023 ж. №6
«GFM МҚҰ» ЖШС қатысушыларының
жалпы жиналысы хаттамасымен

№1 өзгерістер мен толықтырулармен (19.03.2025 ж. №4 Хаттама)

**«GoldFinMarket микроқаржы ұйымы» ЖШС-нің
дербес деректермен жұмыс жасау саясаты**

Шымкент қ.
I. Жалпы ережелер

1. Осы «GoldFinMarket микроқаржы ұйымы» ЖШС-нің дербес деректермен жұмыс жасау саясаты (бұдан әрі – Саясат) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Осы Саясат «GoldFinMarket микроқаржы ұйымы» ЖШС (бұдан әрі – МҚҰ) субъектілерінің дербес деректерін жинау, өңдеу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнама талаптарын іске асыру мақсатында әзірленген.

3. Осы Саясатта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **дербес деректер** – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер;

2) **дербес деректерді бұғаттау** – дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтату жөніндегі іс-әрекеттер;

3) **дербес деректерді жинақтау** – дербес деректерді қамтитын базаға дербес деректерді енгізу арқылы оларды жүйелендіру жөніндегі іс-әрекеттер;

4) **дербес деректерді жинау** – дербес деректерді алуға бағытталған іс-әрекеттер;

5) **дербес деректерді жою** – жасалуы нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

6) **дербес деректерді иесіздендіру** – жасалуы нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілігін анықтау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

7) **дербес деректерді қорғау** – осы Заңда белгіленген мақсаттарда жүзеге асырылатын шаралар, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені;

8) **дербес деректерді қамтитын база (бұдан әрі – база)** – ретке келтірілген дербес деректердің жиынтығы;

9) **дербес деректерді қамтитын базаның операторы** – дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға;

10) **дербес деректер субъектісі (бұдан әрі – субъект)** – дербес деректер тиесілі жеке тұлға. МҚҰ-ның субъектілеріне мыналар жатады:

- **клиент** – МҚҰ-мен қызмет көрсетуге шарт жасасуға ниет білдірген немесе жасасқан жеке тұлға, әлеуетті клиент;

- **кандидат/қызметкер** – МҚҰ-ның бос лауазымына үміткер немесе МҚҰ-ның қызметкері;

- **серіктес** – МҚҰ-мен қызмет көрсету шартын жасасқан немесе жасасуға ниет білдірген, /қызмет көрсететін/ МҚҰ үшін жұмыстарды орындайтын жеке кәсіпкер, нотариус, адвокат, коллекторлық агенттік және т.б.;

11) **дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі (бұдан әрі – меншік иесі)** – дербес деректерді қамтитын базаны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын іске асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға;

12) **үшінші тұлға** – субъект, меншік иесі және (немесе) оператор болып табылмайтын, бірақ дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау бойынша олармен (онымен) мән-жайлар немесе құқық қатынастары арқылы байланысты болатын тұлға.

13) **дербес деректерді трансшекаралық беру** – дербес деректерді шет мемлекеттің аумағына шет мемлекеттің өкімет органына, шетелдік жеке немесе шетелдік заңды тұлғаға беру;

14) **дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылуы** – берілетін, сақталатын немесе өзге де түрде өңделетін дербес деректердің заңсыз таралуына, өзгертілуіне және жойылуына, санкцияланбаған таралуына немесе оларға санкцияланбаған қол жеткізуге алып келген дербес деректер қорғалуының бұзылуы;

4. Осы Саясат дербес деректерді жинау және өңдеу процесінде МҚҰ, субъектілер, сондай-ақ үшінші тұлғалар арасында туындайтын қатынастарға қолданылады, бұл ретте МҚҰ құқықтық қатынастарда оператор да, үшінші тұлға да болып табылады.

II. Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттары

5. Субъектінің дербес деректерін жинау және өңдеу, оның ішінде қағаз жеткізгіштерде және (немесе) электрондық форматта ақпараттық жүйелерде және (немесе) МҚҰ-ның кез келген дерекқорында жинау, өңдеу және сақтау, оның ішінде мынадай мақсаттар үшін жүзеге асырылады:

- субъектінің жеке басын сәйкестендіру;
- МҚҰ-ның жарғысына және МҚҰ-на берген лицензияға сәйкес микроқаржы қызметтерін және өзге де операцияларды/қызметтерді жүзеге асыру;
- субъектілермен өзара есеп айырысуларды жүргізу;
- статистикалық есептілікті қалыптастыру, оның ішінде үшінші тұлғаларға ұсыну үшін;
- кадр жұмысын жүргізу және МҚҰ-ның қызметкерлерінің есебін ұйымдастыру;
- Кандидаттарды тарту және іріктеу;
- субъектімен кез келген шарттар жасасу және оларды одан әрі орындау;
- МҚҰ-мен әкімшілік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;
- алаяқтық, өзге де құқыққа қайшы әрекеттер жағдайларын анықтау, болашақта мұндай құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және осындай әрекеттердің салдарын оқшаулау;
- Қазақстан Республикасының Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасына сәйкес орындалуға жататын сот актілерін, басқа органдардың немесе лауазымды адамдардың актілерін орындау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында МҚҰ-ға жүктелген функцияларды, өкілеттіктер мен міндеттерді іске асыру және орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген мақсаттарға қол жеткізу.

6. МҚҰ дербес деректерді жинауға және өңдеуге жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесінде айқындалған көлемде жол беріледі.

7. Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін МҚҰ-ның атқарушы органы бекітеді және оның қажеттілігіне қарай жаңартылады.

7-1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қоспағанда, жеке басты куәландыратын құжаттардың қағаз жеткізгіштегі көшірмелерін жинауға, өңдеуге тыйым салынады.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың қағаз жеткізгіштегі көшірмелерін жинаудың, өңдеудің осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген айрықша жағдайлары цифрлық құжаттар сервисі арқылы қалыптастырылатын жеке басты куәландыратын құжаттарды пайдалануға және ұсынуға қолданылмайды.

III. Дербес деректерді өңдеудің қағидаттары мен шарттары

8. МҚҰ мынадай жалпы қағидаттарды сақтай отырып, дербес деректерді заңды және әділ негізде жинауды және өңдеуді жүзеге асырады:

- адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- заңдылық;
- қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялылығы;
- субъектілер, меншік иелері және операторлар құқықтарының теңдігі;
- жеке бастың, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- дербес деректерді жинау мен өңдеудің нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі;

- дербес деректерді жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін дербес деректерді өңдеуге жол бермеу;
- өңдеу бір-бірімен үйлеспейтін мақсаттарда жүзеге асырылатын дербес деректерді қамтитын дерекқорларды біріктіруге жол бермеу;
- дербес деректерді жинау кезінде мәлімделген оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қатысты өнделетін дербес деректердің артық болуына жол бермеу;
- дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде олардың нақтылығын, жеткіліктілігін және дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қатысты сәйкестігін қамтамасыз ету;
- толық емес немесе дұрыс емес деректерді жою немесе нақтылау бойынша қажетті шараларды қамтамасыз ету және қабылдау;
- егер дербес деректерді сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбесе, субъектіні өңдеу мақсаттары талап ететіннен артық емес анықтауға мүмкіндік беретін нысанда дербес деректерді сақтау;
- егер Заңда өзге көзделмесе, өңдеу мақсаттарына қол жеткізу бойынша немесе осы мақсаттарға қол жеткізу қажеттілігін жоғалтқан жағдайда өнделетін дербес деректерді жою не иесіздендіру;
- дербес деректердің тиісті қорғалуын, олардың құпиялылығын және өнделетін дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

IV. Дербес деректерді жинау, сақтау, беру және өңдеудің басқа да түрлерінің тәртібі

9. Дербес деректерді жинау субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

10. Тиісті үлігіде қағаз нысанында және/немесе сервистер арқылы толтыра отырып, өзінің дербес деректерін операторға/база иесіне/МҚҰ-ға жібере отырып, субъект осы Саясатқа өзінің келісімін білдіреді.

11. Дербес деректерді субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз жинау, өңдеу:

1) құқық қорғау органдарының, соттардың және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғайтын және қарайтын өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін, атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асырған;

2) мемлекеттік статистикалық қызметті жүзеге асырған;

3) дербес деректерді міндетті түрде иесіздендіру шартымен оларды статистикалық мақсаттар үшін мемлекеттік органдар пайдаланған;

4) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар іске асырылған;

5) егер субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімін алу мүмкін болмаса, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаған;

6) Қазақстан Республикасының адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасының талаптары сақталған жағдайда, журналистің заңды кәсіптік қызметі және (немесе) теле-, радиоарналардың, мерзімді баспасөз басылымдарының, ақпарат агенттіктерінің, желілік басылымдардың қызметі не ғылыми, әдеби немесе өзге де шығармашылық қызмет жүзеге асырылған;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес деректер, оның ішінде сайланбалы мемлекеттік лауазымдарға кандидаттардың дербес деректері жарияланған;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес субъект дербес деректерді ұсыну жөніндегі өз міндеттерін орындамаған;

9) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ақпарат алған;

9-1) салықтық (кедендік) әкімшілендіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік кіріс органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан ақпарат алған;

9-2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмесі электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына сақтауға берілген;

9-3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау шарттарымен кәсіпкерлік субъектілерінің тікелей өз кәсіпкерлік қызметіне қатысты дербес деректері бизнес-әріптестердің тізілімін қалыптастыру үшін пайдаланылған;

9-4) Қазақстан Республикасы азаматының дербес деректері "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз берілген күннен бастап, сондай-ақ соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолданудың алдындағы үш жылға дейінгі кезеңде пайдаланылған;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда жүргізіледі.

12. Мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілеріндегі дербес деректерді жинау және (немесе) өңдеу кезінде келісім мемлекеттік сервис арқылы беріледі.

13. Дербес деректерді сақтауды МҚҰ Қазақстан Республикасының аумағындағы базада жүзеге асырады.

14. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, дербес деректерді сақтау мерзімі оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізген күнмен айқындалады.

15. Дербес деректерді жинаудың бұрын мәлімделген мақсаттары шеңберінен шығатын жағдайларда оларды тарату субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырылады.

V. Дербес деректерді трансшекаралық беру

16. Дербес деректерді трансшекаралық беру түрінде дербес деректерді өңдеу Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

17. МҚҰ дербес деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру басталғанға дейін аумағына дербес деректерді беруді жүзеге асыру болжанатын шет мемлекеттің субъектілердің құқықтарын сенімді қорғауды қамтамасыз ететініне көз жеткізуге міндетті.

VI. МҚҰ және Субъектінің құқықтары мен міндеттері

18. Субъектінің құқығы бар:

- МҚҰ-да өз дербес деректерінің болуы туралы білуге, сондай-ақ:
 - дербес деректерді жинау және өңдеу фактісін, мақсаттарын, көздерін, тәсілдерін растауды;
 - дербес деректердің тізбесін;
 - дербес деректерді өңдеу мерзімдерін, оның ішінде оларды сақтау мерзімдерін қамтитын ақпаратты алуға;
- тиісті құжаттармен расталған негіздер болған кезде, МҚҰ-дан өз дербес деректерін өзгертуді және толықтыруды талап етуге;
- дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда, МҚҰ-дан өз дербес деректерін бұғаттауды талап етуге;
- МҚҰ-дан Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жиналған және өңделген өз дербес деректерін, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда жоюды талап етуге;
- Заңның 8-бабының 2-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, дербес деректерді жинауға, өңдеуге, жалпыға бірдей қолжетімді көздерде таратуға, үшінші тұлғаларға беруге және трансшекаралық беруге келісімін кері қайтарып алуға;

- МҚҰ-на дербес деректердің жалпыға бірдей қолжетімді көздерінде өз дербес деректерінің таратылуына келісім беруге (бас тартуға);
- өз құқықтарының және заңды мүдделерінің қорғалуына, оның ішінде моральдық және материалдық зиянның өтелуіне;

- Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

19. Субъект міндетті:

- өзі туралы сенімді ақпаратты хабарлау және жинау және өңдеу мақсатына қажетті дербес деректерді қамтитын құжаттарды ұсыну;

- МҚҰ-ға өзінің дербес деректерін нақтылау (жаңарту, өзгерту) туралы хабарлау.

20. МҚҰ құқылы:

- субъектінің дербес деректерін мәлімделген мақсатқа сәйкес өңдеу;

- субъектіден шарттар жасасу, қызмет көрсету, субъектіні сәйкестендіру үшін, сондай-ақ Заңда көзделген өзге де жағдайларда дәйекті дербес деректерді ұсынуды талап етуге;

- субъектінің дербес деректеріне қол жеткізуі үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Заңда көзделген өзге де жағдайларда субъектінің оның дербес деректеріне қол жеткізуін шектеу;

- МҚҰ-ны ішкі ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында субъектінің жазбаша келісімімен, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, субъект хабарлаған оның тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, лауазымы, жылы және туған жері, мекенжайы, абоненттік нөмірі, электрондық пошта мекенжайы және өзге де дербес деректер енгізілуі мүмкін ішкі анықтамалық материалдар жасауға;

- дербес деректерді өңдеуді субъектінің келісімімен осы тұлғамен жасалатын шарт негізінде басқа тұлғаға тапсыру;

21. МҚҰ міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерді қорғау үшін қажетті шараларды, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдау және сақтау;

- Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын сақтау;

- уәкілетті органның сұрау салуы бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау шеңберінде МҚҰ-ның заң талаптарын сақтауын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын әдістер мен рәсімдер туралы ақпарат беру;

- дербес деректерді жинау және өңдеу мақсатына қол жеткізген жағдайда, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда субъектінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін алғаны туралы дәлелдеме ұсыну;

- субъектінің өтініші бойынша өзіне қатысты ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде хабарлауға;

- субъектіге немесе оның заңды өкіліне ақпарат беруден бас тартылған жағдайда, дәлелді жауапты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімде ұсынуға;

- бір жұмыс күні ішінде:

- дербес деректердің анықтығын растайтын тиісті құжаттардың негізінде оларды өзгертуге және (немесе) толықтыруға немесе дербес деректерді өзгерту және (немесе) толықтыру мүмкін болмаған кезде оларды жоюға;

- дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда, субъектіге қатысы бар дербес деректерді бұғаттауға;

- дербес деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жинау, өңдеу фактісі анықталған жағдайда, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда оларды жоюға;

- дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарын бұзу фактісі расталмаған жағдайда, дербес деректерді бұғаттауды алып тастауға;

- дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылуы анықталған кезден бастап, дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректерін (болған кезде) көрсете отырып, осындай бұзушылық туралы уәкілетті органды хабардар етуге;

• субъектіге немесе оның заңды өкіліне осы субъектіге қатысты дербес деректермен танысу мүмкіндігін өтеусіз беру;

• дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындауға.

22. Дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлға:

• МҚҰ-ның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын, оның ішінде дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптарды сақтауына ішкі бақылауды жүзеге асыруға;

• Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының дербес деректерді өңдеу мәселелері жөніндегі ережелерін, дербес деректерді қорғауға қойылатын талапты МҚҰ-ның жұмыскерлерінің назарына жеткізуге;

• субъектілердің немесе олардың заңды өкілдерінің өтініштерін қабылдау мен өңдеуге бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

VII. Дербес деректерді қорғау

23. МҚҰ дербес деректерді қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

24. МҚҰ дербес деректерді қорғау бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Бұл шаралар мыналарды қамтиды: оларды жинау және өңдеу кезінде дербес деректерге кездейсоқ қол жеткізудің алдын алу, нәтижесінде жою, өзгерту, бұғаттау, көшіру, үшінші тұлғаларға рұқсатсыз беру, дербес деректерді рұқсатсыз тарату, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттердің алдын алу.

МҚҰ-ның дербес деректерді қорғау жөніндегі міндеттері дербес деректерді жинаған кезден бастап туындайды және олар жойылған не иесіздендірілген кезге дейін күшінде болады.

VIII. Субъектілердің дербес деректерімен байланысты құпия ақпаратты жария еткені үшін жауаптылық

25. МҚҰ қызметкерлері субъектілердің дербес деректерін алуды, өңдеуді, сақтауды, беруді және қорғауды реттейтін нормаларды бұзған жағдайда, МҚҰ қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауаптылықта болады.

IX. Қорытынды ережелер

26. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес реттеледі.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген кезде осы Саясаттың жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келген жағдайда, саясаттың бұл нормалары күшін жояды және осы саясатқа өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алу қажет.

28. Саясатта көзделмеген барлық басқа жағдайларда МҚҰ-ның құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары мен өзге де қызметкерлері Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және МҚҰ-ның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

29. Осы Саясат қажетіне қарай қайта қаралады және жаңартылады.